

1. Құрылғының негізгі элементтері



Түйме және құрылғы күйінің жарық индикаторы

Қосу түймесін басқан кезде немесе құрылғының зарядтау жалғағышы арқылы қуат көзіне қосылған кезде, күй индикаторы құрылғының заряд деңгейін көрсетеді.

Құрылғы зарядталған кездегі күй индикаторының сигналдары:

- Күй индикаторы жыпылықтайды – құрылғы зарядталып жатыр.
- Күй индикаторы біркелкі көк түспен жанып тұр – құрылғы зарядталған.

Көк 100~75% **Ашық көк** 75~35% **Қызғылт сары** 35~1% **Қызыл** зарядтау қажеттілігін білдіреді

* Күй индикаторының жарықтығы мен түсі аздап ерекшеленуі мүмкін.

Зарядтау жалғағышы

- Бірінші рет пайдаланар алдында құрылғыны толығымен зарядтаңыз.
- Толығымен зарядталған құрылғы шамамен 25 темекі стиктерге есептелген («Стик» термині мұнда және бұдан әрі осы құжаттың мәтіні бойынша қыздырылатын темекі стигін білдіреді; темекі стиктердің бұл саны пайдалану жағдайларына қарай өзгеріп тұруы мүмкін). Құрылғыны толығымен зарядтау үшін шамамен 2 сағат керек.

⚠️ ІІІ™ жиынтығына кіретін түпнұсқа зарядтау кабелін және қуат беру блогын ғана пайдаланыңыз.

⚠️ Батареяның зарядтау күйіне қарамастан, құрылғыны қолайлы кезде зарядтауға болады.

2. Толық жиынтыққа не кіреді?



III SOLID Ez™ құрылғысы



Қуат беру блогы



Зарядтауға арналған кабелі



Қылшағы және сүрткіші бар тазалауға арналған құрылғы



Пайдаланушы Нұсқаулығы (Пайдаланушы Нұсқаулығы, Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқаулар, Кепілдік)

3. Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқаулар

Құрылғыны пайдаланудан бұрын қауіпсіз және дұрыс қолдану үшін осы Пайдаланушы Нұсқаулығындағы барлық нұсқауларды МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

Осы Пайдаланушы Нұсқаулығында сипатталған Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқаулар құрылғыны пайдалану кезінде пайда болуы мүмкін барлық ықтимал жағдайларды қамти алмайды. Электрондық құрылғыларын пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету кезінде сақтық шараларын сақтау және мұқият болу қажет.


Осы Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқауларды кейінгі пайдалану үшін сақтап қойыңыз, себебі олар маңызды ақпаратты қамтиді.

▲ Осы нұсқауларды сақтамау жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Құрылғының электрондық бөлігі және батарея

- Қалпақшасы алынған құрылғыны пайдаланбаңыз және қыздырғыштың ұшына тиеңіз.
- Құрылғыға су тигізуге болмайды.
- Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін бөлшектер жоқ. Бұл құрылғының батареясын немесе оның кез келген бөлігін ашуға, өзгертуге, бөлшектеуге немесе жөндеуге әрекет жасамаңыз.

- Құрылғының зақымдану, өзгертілу, бөлшектену, бүліну немесе сұйықтыққа батырылу белгілері анықталған кезде, оны іске қоспаңыз.
- Құрылғы, қуат беру блогы, зарядтау кабелі қатты қызып кетсе, түтін шығарса, тұтанса, ұшқын шықса немесе жанса, оларға қол тигізбеңіз.
- Егер құрылғы шамадан тыс қызған болса, оны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны электр сымдары немесе басқа металл материалдар арқылы қоспаңыз. Мұндай әрекеттер зақымдануға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тұтанғыш материалдар, сұйықтықтар немесе газдар бар жерлерде немесе оттегімен жоғары қамтамасыз етілетін жағдайларда пайдаланбаңыз. Мұндай әрекеттер жарылыс қауіпіне әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны, қуат беру блогын, зарядтау кабелін кез келген сұйықтықтардың әсеріне (соның ішінде, майлардың, еріткіштердің және т.с.с.) ұшыратпаңыз. Су тиген немесе сұйықтыққа, майға, еріткішке және тағы басқа сұйықтыққа батырылған құрылғыны немесе оның бөліктерін ұстамаңыз.

- Құрылғыны тазалау үшін қандай да сұйықтықтарды, майларды, еріткіштерді және т. б. қолданбаңыз.
- Темекі стиктерді қыздыру камерасына бөгде материалдардың түспейтініне көз жеткізіңіз. Барлық бөгде бөлшектерді алып тастағанша құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыдан аққан кез келген сұйықтық теріге тиген жағдайда, терінің зардап шеккен аймағын, соның ішінде қолыңызды жуыңыз, бірақ көзге тигізбеңіз. Кез келген сұйықтық сіздің көзіңізге тиген кезде, көзді кемінде 15 минут ішінде дереу таза ағынды сумен жуып, содан кейін медициналық көмекке жүгініңіз.
- Егер батарея ағып кетсе, құрылғыны қолданбаңыз.
- Ілі құрылғысына арналған зарядтау кабелін мен қуат беру блогын ғана қолданыңыз. Мақұлданған қуат беру блогы модельдерінің тізімін осы Пайдаланушы Нұсқаулығының «Техникалық Сипаттамалар» бөлімінен қараңыз. Басқа кабельдер мен қуат беру блогтарын пайдаланбаңыз – мұндай әрекеттер зақым келтіруі мүмкін.
- Құрылғыны тек үй-жайда зарядтаңыз, ол туралы  символ белгі береді.

Пайдалану және сақтау

- lil SOLID™ құрылғысы үшін арнап жасалған Fiit™ темекі стиктерін ғана пайдаланыңыз. Құрылғыны өндіруші мақұлдамаған басқа өнімдермен, темекі стиктерімен бірге пайдаланбаңыз. Әйтпесе, оның пайдаланушылық сипаттамаларына кепілдік берілмейді.
- Fiit темекі стиктерін ешқандай жолмен өзгертпеңіз немесе Fiit темекі стиктеріне ешқандай заттектерді қоспаңыз. Мұндай әрекеттер жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны, зарядтау кабелін, қуат беру блогын және темекі стиктерді әрқашан балалар мен үй жануарларына қолжетімсіз жерде сақтаңыз. Ескерту: Балалар бөлшектерді жұтуы мүмкін.
- Бұл құрылғы тек ересектердің пайдалануына арналған. Балалар мен кәмелетке толмағандар осы құрылғыны ешқандай жағдайда пайдаланбауы керек.
- Құрылғыны пайдалану кезінде немесе одан кейін бірден Қалпақшаны шешпеңіз, себебі құрылғы ыстық болуы мүмкін. Қалпақшаны шешпес бұрын, құрылғыны суытыңыз.

- Құрылғыны пайдалану кезінде темекі стик алынып тасталса да, қыздыру процесі жалғасады. Оны тоқтату үшін Түймені 2 секунд бойы басып, қуатты өшіріңіз.
- Құрылғыны суытқаннан кейін тазалаңыз.
- Ііл SOLID құрылғыларымен арнайы жасалған тазалау аксессуарларды ғана пайдаланыңыз. Басқа тазалау аксессуарларды пайдаланбаңыз – бұл зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Темекі стикті құрылғыдан алып тастағаннан кейін, стиктің темекі бөлігін ұстамаңыз, себебі ол қолданғаннан кейін де ыстық болады.
- Құрылғыны абайлап ұстаңыз. Құрылғыны түсіріп алмаңыз немесе қатты соққыға ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны температурасы жоғары жерлерде (мысалы, көліктің ішінде немесе радиаторлар немесе от сияқты жылу көздерінің жанында), ылғалдылығы жоғары немесе температурасы төмен жерлерде сақтау батарея жұмысы сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, құрылғының батарея қуаты бітіп қалады. Пайдаланудан бұрын құрылғыны зарядтаңыз.

- Құрылғыны қоршаған орта температурасы 0 - 40°C аралығында болғанда пайдалану ұсынылады.
- Iil SOLID құрылғысы үшін арнайы жасалған Fiit темекі стиктері бір-ақ рет пайдаланылады. Пайдаланылған темекі стикті құрылғыға қайта салмаңыз. Егер пайдаланылған темекі стиктер қайта салынса, құрылғының жұмыс сапасына кепілдік берілмейді.
- Темекі стигін ешқашан сіріңкемен, оттықпен немесе басқа кез келген жалын көзімен тұтандыруға болмайды.
- Fiit темекі стиктерінде қалыпты пайдаланудан кейін дақтар немесе түссіздік белгілері көрінуі мүмкін.
- Құрылғыны және оның элементтерін ауызға салмаңыз.
- Электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерде құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі, сондай-ақ жеткілікті білімі жоқ адамдар, олар бақылауда болған немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар алған және осыған

байланысты қауіптерді түсінген жағдайларды қоспағанда, пайдаланбауы тиіс.

- Ылғалға, ультракүлгін сәулелерге және химиялық заттарға қайталап тиген жағдайда, құрылғының сыртқы түсі өзгеруі мүмкін
- Магнит өрісіне жақындау салдарынан дұрыс істемеуі мүмкін.

Темекі және никотин

- Fiit темекі стиктерінің құрамында тәуелділік тудыратын никотин бар. Никотин – темекі таяқшаларында қолданылатын темекінің табиғи құрамдасы.
- Жұтып қойылған темекі стиктер никотинмен улану қауіпін тудыруы мүмкін. Егер темекі стикті жұтып қойсаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Темекіге байланысты денсаулыққа қауіптерді төмендетудің ең жақсы тәсілі – темекі мен никотинді тұтынудан мүлдем бас тарту.
- Шылым шегуді тоқтату немесе құрамында никотин бар басқа өнімдерге ауысу кейбір дәрі-дәрмектердің (мысалы: теofilлин, клозапин, ропинирол) қолдану жағдайында олардың дозасын түзету қажет болуы мүмкін.
- Құрамында никотин бар темекі стиктерді

пайдалану бас ауруы, жүрек айнуы, тамақтың тітіркенуі немесе стоматит сияқты жанама әсерлерді тудыруы мүмкін. Егер Сізде мұндай белгілер пайда болса, өнімді пайдалануды дереу тоқтатыңыз.

- Егер сіз жүкті болсаңыз, жүктімін деп ойласаңыз немесе емізетін болсаңыз немесе жүрек ауруы, қант диабеті, эпилепсия, конвульсия немесе денсаулықтың басқа да ауыр бұзылулары болса, сізге темекі мен никотиннен толығымен бас тартып, дәрігерден кеңес алған жөн.
- Темекі стиктерді қолдану аллергиялық реакция тудыруы мүмкін. Егер сіз келесі белгілердің кез-келгенін байқасаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз: беттің, еріннің, тілдің және т.б. ісінуі және/немесе тыныс алудың қиындауы.

⚠ ЕСКЕРТУ

< Термиялық Күйіктер Қауіпі >

Төмендегі Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқауларды сақтамау термиялық күйікке әкелуі мүмкін:

- il SOLID құрылғысын және Fiit темекі стиктерін таза, құрғақ және салқын жерде сақтаңыз.


- ІІІ SOLID құрылғысын және Fiit темекі стиктерін жоғары ылғалдылыққа немесе тікелей күн сәулесіне ұшыратуға тыйым салынады.
- Шамадан тыс ыстыққа немесе ылғалға ұшыраған Fiit темекі стиктерін пайдалануға тыйым салынады.
- Пайдалану кезінде Fiit темекі стиктерін алуға тыйым салынады.

Тұтынушының физикалық жай-күйіне болжамды әсер ету немесе жазатайым оқиғалар жайлы ақпарат беру


- Егер Сіз құрылғыны пайдаланған кезде денсаулыққа жағымсыз салдар сезсеңіз, дәрігермен кеңесіңіз.
- Сіз кез келген жағымсыз оқиға немесе жағдай туралы мына телефондар арқылы қоңырау шалып Қолдау Көрсету Қызметіне тікелей хабарлай аласыз: Қазақстан Республикасы үшін 2121.
- Жанама әсерлер туралы хабарлау арқылы Сіз осы өнімнің қауіпсіздігі туралы толығырақ ақпарат беруге көмектесесіз.

4. Қалай дұрыс пайдалану керек?


1 Пайдалануға дайындық



Құрылғы ұйқы режимінде тұр, оны алғаш рет пайдаланбас бұрын іске қосу керек. Түймені 2 секунд басып тұрыңыз немесе құрылғыны зарядтау жалғағышына қосыңыз.



Ұйқы режимінен шыққан уақытта күй индикаторы 2 рет кезек-кезек қызыл, қызғылт сары, ашық көк және көк түстермен жыпылықтайды.



Құрылғы іске қосылғаннан кейін, күй индикаторы 1 секунд бойы ашық көк түспен жанады және сол уақытта екі рет дірілдейді.

Батарея зарядын сақтау үшін құрылғы ұйқы режимін автоматты түрде іске қосатын болады, егер:

- ① қызыл түсті күй индикаторымен (заряд деңгейі төмен) құрылғы 24 сағат ішінде зарядталмаса.
- ② құрылғы 7 күн ішінде пайдаланылмаса, тіпті зарядтың деңгейі жеткілікті болса да (күй индикаторының көк, ашық көк, қызғылт сары түстері).




Жүгірткі қақпағын сырғытып ашыңыз. Құрылғының жоғарғы жағындағы қыздыру камерасының қақпағын сырғытып ашыңыз.




Қыздыру камерасына Iil SOLID құрылғысына арнап жасалған Fiit стигін темекі секциясымен төмен қаратып салыңыз, сосын қыздыру камерасының түбіне жеткенше, стикті басыңыз.

- Құрылғының сынуын болдырмау үшін, стикті темекі секциясымен төмен қаратып қана салып тұрғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Құрылғы пайдаланылмаған жағдайда, ішіне бөтен заттардың түсуін болдырмау үшін, жүгірткі қақпақ жабық болуға тиіс.

2 Пайдалануды бастау



Қосу түймесін дірілге дейін 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз. 2 секундтан кейін күй индикаторы ашық көк болып жанады және сол уақытта құрылғы дірілдейді. Қыздыру басталды. Алдын ала қыздыру процесі шамамен 25 секунд алады. Алдын ала қыздыру процесінің ұзақтығы пайдалану шарттарына қарай өзгеруі мүмкін.




Алдын ала қыздыру процесі соңына жетсе, күй индикаторы жанады, және сол уақытта құрылғы дірілдейді. Құрылғы пайдалануға дайын.


3 Пайдалану процесі



Fiit темекі стигі бар құрылғы пайдалануға дайын. 1 сеанстың ұзақтығы – қайсысы ертерек болатынына байланысты, 14 рет ішке тартуға дейін немесе 5 секунд жұмыс.



Сеанс аяқталмас бұрын, құрылғы қайтадан дірілдейді, ал күй индикаторы көгілдір түспен жыпылықтай бастайды. Қайсысы ертерек болатынына байланысты, 3 рет ішке тарту немесе 30 секунд жұмыс істеу қалды.



Сеанс аяқталғаннан кейін, күй жарықдиоды мен құрылғы автоматты түрде сөнеді. Түймені басудың қажеті жоқ.

Сеансты және құрылғыны пайдалануды тоқтатқыңыз келсе ғана Түймені 2 секунд басып, стикті алыңыз.

4 Темекі стикті қалай дұрыс шығару керек?



Темекі стикті бір бағытта 3 немесе одан да көп рет бұраңыз.



Темекі стикті құрылғыдан шығарыңыз және жүгірткі қақпақты жабыңыз.

Егер темекі стикті дұрыс шығармаса, пайдаланылған темекі стиктің қалдықтары ішінде қалуы мүмкін.

Егер қыздыру камерасында қандай да бір қалдықтар болса, б-бөлімінің **1**-тармағын қараңыз. Диагностика.

5 Кейінен пайдалану

Келесі пайдалану үшін жоғарыда сипатталған


1 - **4** қадамдарын қайталаңыз.

3-ке дейін қатар пайдалану сеансын жүргізуге болады.


5. Құрылғыны тазалау және оған қызмет көрсету

1 Қылшағы мен сүрткіші бар тазалау құрылғысы көмегімен тазалау



Қылшағы мен сүрткіші бар тазалауға арналған құрылғыны алыңыз. Тазалау сүрткішін пайдалану үшін  белгісі бар жағын абайлап ашыңыз.



Тазалау қылшағын пайдалану үшін  белгісі бар жағын абайлап ашыңыз.




Құрылғыдан қалпақшаны шешіп алыңыз. Тазалау сүрткішін құрылғыға салыңыз және бірнеше рет бұраңыз.


Тазалау қылшағын құрылғыға салыңыз және бірнеше рет бұраңыз.

- * Құрылғының оңтайлы тиімділігі үшін 20 темекі стик қолданғаннан кейін, оны тазалап қойған дұрыс.
- * Қыздыру кезінде немесе құрылғыны қолданғаннан кейін бірден тазаламаңыз. Құрылғыны суытып алыңыз, әйтпесе тазалау сүрткіші немесе тазалау қылшағы балқып, құрылғыға жабысып қалуы мүмкін.
- * Тазалау сүрткішін немесе тазалау қылшағын ешқандай сұйықтыққа, майларға, еріткіштерге, т.б. затқа тигізуге болмайды.
- * Тазалау сүрткіші немесе тазалау қылшағы көзіңізге тиіп кетпеу үшін сақ болыңыз.
- * Тазалау сүрткішін немесе тазалау қылшағын оттан алыс ұстаңыз.
- * Тазалау сүрткішін мен тазалау қылшағын қолдану кезінде сақ болу керек, өйткені олар өткір болуы мүмкін.
- * Тазалау сүрткішін немесе тазалау қылшағын басқа тазалау құралдарынан бөлек пайдаланыңыз немесе артық тыс күш салсаңыз, қыздырғыш зақымдалуы мүмкін.

2 Қыздыру арқылы тазалау



Түймені (2 секунд ішінде) 5 рет жылдам басыңыз. Күй индикаторы 90 секунд бойы қызғылт сары түспен жыпылықтайды және тазалау процесі автоматты түрде басталады.



Күй индикаторының өшуі немесе екі діріл тазалау процесі аяқталғанын хабарлайды.

* Қыздыру арқылы тазалау – бұл темекі стиктердің қыздырғышқа жабысып қалған қалдықтарды жылыту. Қыздырғыш қатты қызып кетуі мүмкін, сондықтан қыздыру арқылы тазалағанда немесе одан кейін бірден қыздырғышқа ештеңе тиіп кетпесін.

6. Диагностика

1 Мен темекі стикті құрылғыға сала алмаймын.

Егер қыздыру камерасының ішінде алдыңғы темекі стиктің қалдықтары болса, жаңа темекі стик салынбауы мүмкін. Құрылғыдан қалпақшаны алып тастап, қалдықтарды шығарыңыз, және темекі стикті қайтадан салып көріңіз.




Қыздыру камерасының ішінде темекі қалдық бар-жоғын тексеріңіз. Егер ішінде пайдаланған темекі қалдықтары болса, қалпақшаны құрылғыдан шешіңіз.



Қалпақшадан қалдықтарды шығарыңыз.

2 Менің құрылғым жұмыс істемейді



Күй индикаторы 3 секунд ішінде қызыл болып жанады, және сол уақытта 2 рет дірілдейді. Батарея қуаты жеткіліксіз → Құрылғыны зарядтаңыз.




Күй индикаторы қызыл түспен 5 рет жыпылықтайды. Құрылғы дұрыс істемей тұр → Құрылғыны қайта іске қосыңыз.




Күй индикаторы 3 секунд ішінде қызғылт сары болып жыпылықтайды. 3 қатар сеанстан кейін құрылғы автоматты түрде салқындайды → Құрылғының температурасы жұмыс ауқымына оралғанын күтіңіз.

* Қауіпсіздігіңіз үшін құрылғыны 18 минуттың ішінде 3 реттен артық қолдануға болмайды, себебі ол салқындауы керек. Келесі сеансты өткізуге дейін 3 минут 30 секунд өту керек.


3 Мен құрылғыны қалай қайта іске қоса аламын?



2 секундтың ішінде дірілдесе де, Түймені 8 секунд басып тұрыңыз.



Құрылғы қайта іске қосылып, күй индикаторы кезекпен қызыл, қызғылт сары, ашық көк және көк түспен екі реттен жыпылықтайды.



Құрылғы толығымен іске қосылғанда, күй индикаторы 1 секунд ішінде ашық көк болып жанады және құрылғы сол уақытта екі рет дірілдейді.

4 Сеанстың ұзақтығы тым қысқа.

Құрылғы 14 ретке немесе 5 минутқа дейін (қайсысы бірінші пайда болғанша) тартуды қамтамасыз етуге арналған. Құрылғының кепілдік мерзімі кепілдікте сипатталған шарттар мен талаптар бойынша бір жылды құрайды.

7. Кәдеге жарату

- Құрылғыда литий-ионды аккумулятор батареясы қолданылады. Құрылғыны қолданыстағы ережелерге сәйкес кәдеге жарату керек.
- Құрылғы мен қуат беру блогын кәдеге жарату туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті муниципалды органға хабарласыңыз.

8. Кепілдік

Кепілдік мерзімі

- Ілі SOLID Ez құрылғысына арналған кепілдіктің мерзімі, сатып алынған күннен бастап 12 айды құрайды.
- Қолданылатын жағдайларда өнімді сатып алудың дәлелі болмаған кезде, компания өзінің жеке деректері негізінде осы өнімді дайындаған күннен бастап кепілдік мерзімін ерікті түрде анықтау құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік қолданылатын жағдайлар:

- Компания өз таңдауы бойынша (бірақ Сіздің заңды құқықтарыңызға әсер етпей), тиісті Ілі SOLID Ez Пайдаланушы Нұсқаулығына сәйкес қолданылған кезде, материал немесе жұмыс жағынан ақауы бар және жарамды болып табылатын кез келген компонентті жарамды кепілдік өтініші бойынша диагностикадан, профилактикадан өткізеді, жөндейді немесе ауыстырады.
- Жөндеу мүмкін болмаған жағдайда ұқсас функционалдық сипаттамалары бар өніммен ауыстыру жүзеге асырылады. Жергілікті заңнамада рұқсат етілген дәрежеде ауыстыру үшін бұйымның түсін және (немесе) үлгісін таңдау осы түстің және (немесе) үлгінің бар-жоғына байланысты болады.
- Бұл кепілдіктің ережелері тек сатып алынған елде ғана жарамды.

Кепілдіктен тыс жағдайлар

Мерзімі асып кеткен кепілдігі бар немесе тұтынушы абайсыздығынан зақымдалған өнімдер кепілдік қызметінен шығарылады. Келесі жағдайлар осы кепілдік шарттарына жатпайды:

- бөлшектердің әдеттегі тозуынан және сынуынан болған зақым;
- өнімнің жұмысына әсер етпейтін косметикалық зақымдар (мысалы, жырылған, майысқан, сынған пластик бөлшектер, т.б.);
- мақсатына сай пайдаланбаудан, дұрыс пайдаланбаудан, апатты жағдайлардан, қолайсыз пайдалану ортасынан, табиғи апаттардан, электр кернеуінің секіруінен, сұйықтыққа немесе отқа тиюден келтірілген зақым;

- в) үйлеспейтін шығыс материалдарын, қуат беру блогы немесе зарядтау кабельді пайдалануға байланысты бұзылу;
- г) пайдаланушының немесе өндіруші рұқсат бермеген қызмет провайдерінің ашу, өзгерту және жөндеу әрекеті нәтижесінде болған зақым немесе бұзылу;
- ғ) IIL SOLID Ez Пайдаланушы Нұсқаулығында сипатталғандай пайдаланбау салдарынан болған зақым немесе бұзылу;
- д) бірқалыпты батарея жұмысының нашарлауы. Батареялар шығын бөлшектері болып табылады және олардың жұмыс қабілеттілігінің, әсіресе ұзақ мерзімді пайдалану кезінде төмендеуі өндірістік немесе әзірлеу ақаулығы болып табылмайды;
- е) құрамында толық немесе ішінара түпнұсқа емес бөлшектері бар құрылғылар;
- ж) өнімнің немесе оның бөлшектерінің жоғалуы немесе ұрлануы.

Өтініш білдіру туралы ақпарат

Осы кепілдік бойынша өтініш білдіру үшін төменде көрсетілген телефон нөмірі бойынша Қолдау Қызметіне хабарласып немесе біздің дүкендеріміздің біріне барып, көмек алыңыз. Кепілдік бойынша өтініш білдіру кезінде сатып алу дәлелін көрсету керек.

Өтініш білдірмес бұрын, қолданыстағы IIL SOLID Ez Пайдаланушы Нұсқаулығын қарап шығыңыз.

Сатып алу туралы дәлел болмаса және/немесе ол анық болмаса, өтінішті қанағаттандырудан бас тартылуы мүмкін.

Басқа шарттар

Осы кепілдік қолданылатын құрылғыны ауыстыру жағдайында, ауыстыру үшін пайдаланылған кез келген бөлшек сіздің меншігіңізге айналады, ал ауыстырылған бөлшек ауыстыруды орындаған компанияның немесе ұйымның меншігіне айналады.

Компания ешқандай жағдайда осы құжатта көрсетілмеген өнімнің қолданылуына қатысты зақым туралы жеке немесе үшінші тараптан бағытталған арыздарға жауапты болмайды.

Бұл шектеу компания Сіздің алдыңызда заңға сәйкес міндеттеме алған жағдайларға қолданылмайды.

Осы кепілдік бойынша көрсетілген құқықтар сатып алынған елдегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау заңдарында берілген барлық құқықтар мен қорғау құралдарына қосымша болып табылады және оларды шектемейді.

9. Техникалық Сипаттамалар

lil SOLID Ez құрылғысы

Үлгісі: S-MONO-V11


Батарея түрі: Литий-ионды зарядтамалы батарея

Кіріс кернеуі: 5,0В \equiv 2,0А

Малайзияда жасалған

Өндіруші: «ЭЛЕНТЕК КО., ЛТД» (ELENTEC CO., LTD.)

Донгангхенг к-сі, 64-3, Хвасон қ., Кёнгидо провинциясы, Корея Республикасы

lil SOLID Ez құрылғысы [] символымен таңбаланады, одан кейін "xx-1007EMTx," жүреді. Бұл lil SOLID Ez құрылғысын lil құрылғыларына арналған қуат беру блогының бекітілген үлгілері көмегімен ғана зарядтауға болатынын көрсетіп тұр.

Қуат беру блогы

Үлгісі: HM-1007EMTE

Кіріс кернеуі: 100-240В~ 50-60Гц 0,35А

Шығыс кернеуі: 9,0В \equiv 1,67А немесе 5,0В \equiv 2,0А

Шығыс қуаты: 15,0 Вт немесе 10,0 Вт

Орташа белсенді тиімділігі: 86,15 % немесе 82,95 %

Төмен жүктеме кезіндегі тиімділігі (10 %): 81,05 % немесе 80,00 %

Босқа жұмыс істеу кезінде электр энергиясының жұмсалуы:

<0,07 Вт Вьетнамда жасалған

Өндіруші: «ХАЕМ ВИНА КО., ЛТД» (HAEM VINA CO., LTD)

В4 учаскесі, Сонг Хе – Ной Хоанг индустриялық аймағы, Сонг Хе қауымы, Бакзянг қ., Багзянг провинциясы, Вьетнам

lil SOLID және lil HYBRID™ барлық құрылғыларымен үйлесімді

USB кабелі

Вьетнамда жасалған

Өндіруші: «КРЕЗИН ХАНОЙ КО., ЛТД» (CRESYN HANOI CO., LTD)

Донг То индустриялық кешені, Донг То қауымы, Йенфонг уезі, Бакнинь провинциясы, Вьетнам

С үлгісі коннекторы бар

lil SOLID және lil HYBRID барлық құрылғыларымен үйлесімді

Тазартқыш құрылғысы

Малайзияда жасалған

Өндіруші: «ЭЛЕНТЕК КО., ЛТД» (ELENTEC CO., LTD.)

Донгангхенг к-сі, 64-3, Хвасон қ., Кёнгидо провинциясы, Корея Республикасы



UzTR.389-010:2016

Осы ІІІ SOLID құрылғысы жасалған айы мен жылын білу үшін, сізге Қолдау көрсету қызметіне қоңырау шалып, құрылғының қалпақшасы астында орналасқан 14-таңбалы әріптік-цифрлық кодты атау керек.

Қуат беру блогының дайындалған жылына қуат беру блогында жазылған сериялық номердегі алғашқы сан (sn: ywwdxxxxx) сәйкес келеді, бұл жерде у = жылдар (1 = 2011; 2 = 2012; және т.с.с.). USB кабельдің дайындалған күні қаптамада көрсетілген.

Сақтау шарттары: шарттары бақыланатын құрғақ жерде, температура режимі: 5 °С-тан 30 °С-қа дейін, салыстырмалы ылғалдылығы 70 % дейін.

Дайындалған күні қаптамада көрсетілген.

Осы құжатта Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларға арналған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде.

Қолдау Қызметінің нөмірі: Қазақстан Республикасы үшін 2121 – Қазақстандағы кез келген ұялы байланыс операторынан қоңырау шалушы үшін тегін, немесе 8 8000 80 12 21 – Қазақстандағы кез келген ұялы телефон немесе қалалық телефон нөмірінен қоңырау шалушы үшін тегін.

Қазақстан Республикасы үшін: "Импорттаушы, өнім беруші және тұтынушылардың шағымдарын қабылдайтын ұйым: «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Ілияс Жансүгіров көшесі, 90, B40A6M8"

БАТАРЕЯНЫ ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ (КӘДЕГЕ ЖАРАТУ МЕН ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҮШІН)

Тұтынушы батареяны өз күшімен шығармауы керек. Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін уәкілетті қайта өңдеуші ғана келесі әрекеттерді орындап батареяны қауіпсіз шығара алады.

S-MONO-V11 үлгісі

- 1-қадам: Бөлшектеу алдында құрылғыны толығымен тоғынан ажырату керек.
- 2-қадам: Құрал-сайманның көмегімен төменгі бөлікте орналасқан тілімді ажыратып, содан кейін оқшаулау таспасын алып тастаңыз.
- 3-қадам: 2 бұраманы бұрып алыңыз.
- 4-қадам: Корпусты ішкі құрамдастарынан ажыратыңыз.
- 5-қадам: Барлық бұрамаларды алып тастаңыз және ажыратыңыз.
- 6-қадам: Резеңке бөлшекті алып тастаңыз және 2 ағытпаны ажыратыңыз, содан кейін иілгіш тақшаны құрылғының корпусынан ажыратыңыз.
- 7-қадам: Батареяны шығарыңыз және оны сіздің еліңізде қолданылатын қағидаларға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Ескерту

Бұл құрылғымен тек lil SOLID құрылғысына арналған Fiit темекі стиктерімен ғана пайдалану керек. Fiit темекі стиктері бөлек сатылады.

lil, lil SOLID, lil SOLID Ez және Fiit — бұл KT&G Corporation (KT&G Тауэр, 416 Ёунгдон-даэро, Каннамгу, Сеул, 06176, Корея Республикасы) тиесілі тауар белгілері және Philip Morris Products S.A. компаниясымен лицензия бойынша пайдаланылады.